

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»

Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

Өткізілген күні: «11» 11 2025 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: А.И.Бейсенова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын дамыту жолдары.
2. Ойын технологияларын қолданудың тиімділігі.
3. Түзете-дамыту жұмыстарындағы педагогтердің тәжірибесі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1 баяндама:

«Жасанды интеллект- инклюзивті білім беру құралы» тәрбиеші
Жаканова Ж.М.

Тәрбиеші өз тәжірибесімен бөлісіп, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысында қолданылатын тиімді әдістерді таныстырды.

Атап айтқанда:

- * құм терапиясы;
- * арт-терапия элементтері;
- * нейрожаттығулар;
- * интерактивті ойындар;
- * Montessori элементтері

балалардың танымдық белсенділігін арттыруға оң әсер ететіні көрсетілді.

2 баяндама:

«Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері *логопед Халиманова Ж.Ә.*

Баяндама барысында:

- * дидактикалық ойындар;
- * сенсорлық ойындар;
- * қимылды ойындар;
- * рөлдік-сюжеттік ойындар;
- * логикалық тапсырмалар

арқылы балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлауы мен тілдік қарым-қатынасы дамитыны айтылды.

Инклюзивті топтарда ойындарды ұйымдастыру кезінде әр баланың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттігі атап өтілді.

3 баяндама:

«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық» тәрбиеші Ермекбаева Г.Ж.

Инклюзивті ортада әр бала өзін еркін сезініп, білім алуға, ойнауға және дамуға тең мүмкіндік алады. Қауіпсіздік тек физикалық қорғау ғана емес, сонымен қатар психологиялық жайлылықты, кемсітушілік пен буллингтің болмауын қамтитыны туралы айтылды.

4 тренинг:

«Инклюзияны түсінеміз» жүргізуші педагог-психолог Шашалова Г.Е., дефектолог-Утепова А.Н.

1. «Инклюзия деген не?» мини-түсіндірме

Инклюзия – барлық балалардың бірге білім алып, тең мүмкіндікке ие болуы. Әр баланың ерекшелігі құрметтеледі.

2. Практикалық тапсырма «Өзгені сезіну»

Қатысушыларға белгілі бір шектеулермен тапсырма орындату (мысалы, көзді жұмып сурет салу).

Педагог-психолог эмоционалдық қолдау көрсету мен жағымды психологиялық орта қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

Шешім:

1. Инклюзивті білім беру ортасында ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда ойын технологиялары жүйелі қолданылсын.

2. Әр топ педагогтері балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындар картотекасын жасақтасын.

3. Түзете-дамыту жұмыстары барысында заманауи әдіс-тәсілдер кеңінен енгізілсін.

4. Педагог-психолог пен тәрбиешілер бірлескен жұмыстарды тұрақты ұйымдастырсын.



5. Ата-аналарға арналған кеңестер, тренингтер және ашық сабақтар өткізілсін.

6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.

Төрайымы:

Хатшы:



Қ.Д.Бақтыбаева

А.И.Бейсенова